Следуя вышеперечисленному, по числу случаев на 26 октября 2021года лидирует город Алматы, там было выявлено 177422 заболевших с положительным ПЦР тестом. На втором месте по этому показателю находится столица Казахстана Нур-Султан, там коронавирусом заразились 147213 человек.

Далее мы раскроем актуальное состояние системы на данный момент.Казахстан уже готов к новой вспышке инфекции и имеет 19089 инфекционных коек, 1738 реанимационных коек в стационарах по всей стране. Происходит закуп 14 единиц стационарных аппаратов ИВЛ, за счет местного бюджета и 101 единица за счет бюджета Всемирного банка.

Имеется неснижаемый запас лекарственных средств от COVID-19, которые бесплатно предоставляются для лечения заразившихся и лежащих в стационарах с пневмонией. Количество индивидуальных защитных костюмов для медицинских работников составило 200000. А также по всей стране наблюдается практически 100% трудоустройство медицинских работников, которым выплачивается повышенная заработная плата. Помимо этого, ведется работа по повышению социального статуса медицинского персонала с оказанием полной социальной и профессиональной защит, одним пунктом из которых является обеспечении повышения квалификации медицинского персонала. [4]

В процесс обучения медицинских работников введены отдельные новые специальности по темам: детские инфекционные болезни, общая гигиена, общая эпидемиология, инфекционные болезни, скорая неотложная медицинская помощь, внутренние болезни, детские болезни и пульмонология. Как мы видим, список специальностей дифференцировался с целью детального изучения каждой тематики и подготовленности специалистов более компетентного уровня.

Был улучшен санитарно – эпидемиологический компонент подготовки медицинских кадров, так как оказание первой санитарной помощи народу в период Пандемии, оказалось проблематичным. Повышение квалификации происходит не только за счет обучения в университетах, но и проведения различного рода семинаров по тематикам, являющимся актуальными для изучения на данный момент. [5]

Введены такие понятия как биозащита и биобезопасность, которые стали отдельными читаемыми дисциплинами студентам в вузах страны.

В Казахстане строятся онкологические центры с новейшими технологиями лечения, так как исходя из опыта, коронавирусная инфекция страшна больше тем, что ухудшает целостное состояние организма, влияя на наиболее «слабые» места в теле. Поэтому, высока вероятность заболевания раком.

Не смотря на совершенные видоизменения в здравоохранении Республики Казахстан, развитие на этом не остановится, и будет касаться следующих областей:

- Доступная медицинская помощь, с возможностью её оказания в селе
- Усиление первичной медико-санитарной помощи
- Повышение уровня компетентности медицинских работников
- Здравоохранение, которое находится в контакте с народом
- Лекарственная и биологическая безопасность нации

Таким образом, Пандемия COVID-19 помогла выявить слабые места казахстанского здравоохранения, что в дальнейшем послужит его комплексному развитию. [6]

Ссылки:

1. <https://kursiv.kz/news/medicina/2021-03/god-s-nachala-pandemii-cto-za-eto-vremya-sdelal-minzdrav-rk>
2. <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/obzor-kazahstanskoy-sistemy-zdravoohraneniya-itogi-2020-goda-i-planyna-2021-y-271128>
3. <https://www.coronavirus2020.kz>
4. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/p1700000071>
5. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%d0%9c%d0%b8%d0%bd%d0%b8%d1%81%d1%82%d0%b5%d1%80%d1%81%d1%82%d0%b2%d0%be %d0%b7%d0%b4%d1%80%d0%b0%d0%b2%d0%be%d0%be%d1%85%d1%80%d0%b0%d0%bd%d0%b5%d0%bd%d0%b8%d1%8f %d0%a0%d0%b5%d1%81%d0%bf%d1%83%d0%b1%d0%bb%d0%b8%d0%ba%d0%b8 %d0%9a%d0%b0%d0%b7%d0%b0%d1%85%d1%81%d1%82%d0%b0%d0%bd>
6. <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-coronavirus-one-year/31144666.html>

УДК 94(574)

КАЗАХСТАН НА ОЛИМПИАДЕ В ТОКИО 2021 ГОДА

Абдулла С.К., ВЖМО-Б 09.20, научный руководитель – Айдарбекова Галия Сарыбаевна
ЮКМА, г. Шымкент, Казахстан

Мақалада Қазақстанның 2021 жылы Токиода өтетін Олимпиада ойындарына қатысуы, атап айтқанда, қазақстандық спортшылардың спорттық жетістіктері мен рекордтары зерттеледі.

The article examines the participation of Kazakhstan in the Olympic Games in Tokyo in 2021, namely the sports achievements and records of Kazakhstani athletes.

Олимпийские игры – самые масштабные соревнования спортсменов в разных направлениях, которые проходят в современном мире. Истоки своей истории олимпийские игры берут от древних греков, которые таким образом демонстрировали свои силы и мощь [1]. Сейчас цель участия на олимпиаде мало чем отличается от древнегреческих традиций- каждая страна выставляет своих самых сильных и успешных спортсменов по каждому виду спорта и происходит состязание, которое и определяет спортивное «могущество» государства.

Олимпиада проводится каждые четыре года и является неотъемлемой частью жизни всех великих спортсменов и любителей спортивных состязаний [2]. Была назначена дата 32 олимпийских игр, которая выпала на «красивое», с точки зрения маркетинга, число года – 2020. Однако, произошли никем не предвиденные и неожиданные события для всех стран – Пандемия COVID-19. Организаторам, как и всем жителям Земли, пришлось перестраивать формат проведения игр. Они были вынуждены перенести их на 2021 год, однако сохранить название «Олимпиада 2020», а также отрегулировать формат просмотра. В результате, олимпиада проводилась без присутствия зрителей [3]. Данная ситуация в последующем стала целью изучения учеными, как особый опыт проведения соревнований. По их мнению, спортсменам было трудно осознать соревнования как самые важные на данный момент в их жизни, ведь привычно считать, что масштаб состязания определяется количеством присутствующих на нем зрителей. Также, следует упомянуть, что в 2020 году в связи с карантинными мерами, тренировки были недопустимы и спортсменам приходилось поддерживать физическую форму в бытовых условиях. Сказалось ли это на результатах? Можно ли сказать, что результаты были бы иными, в случае сохранения интенсивности тренировок? Ответ на данный вопрос и хотят прояснить ученые.

В летних Олимпийских играх приняло участие 205 национальных олимпийских комитетов, а также Олимпийская команда беженцев Международного олимпийского комитета [4]. Среди стран-участниц был и Казахстан. Казахстан представил на Олимпиаде 93 спортсмена в 19 видах спорта.

Казахстан является ежегодным участником Олимпийских игр, и многие спортсмены принимают участие не первый раз [5]. Среди них мы можем отметить Ольгу Рыпакову – принимающую участие в четвертый раз за свою карьеру; Дмитрий Баланжин – известный казахстанский пловец. Впервые за всю историю Олимпийских игр, Казахстан выставил своих спортсменов на соревнования по скалолазанию и карате.

В результате участия на Олимпийских играх, Казахстан завоевал 8 бронзовых медалей: 1 по дзюдо; 2 по тяжелой атлетике; 2 по боксу; 1 по вольной борьбе; 2 по карате [6]. Далее будет подробное описание спортсменов, которые заслужили победу.

Призер бронзовой медали по дзюдо – Елдос Сметов, неоднократно представлявший Казахстан по данному виду спорта на Олимпийских играх. Елдос с 5 лет занимается дзюдо, предварительно попробовав себя и в

других видах боевого искусства. Поэтому, можно смело заявить, что дзюдоист- поистине его призвание. Он участвует в категории до 60 кг, в которой неоднократно завоевывал призовые места. В Токио он в первый же игровой день занял 3 место, за что получил бронзовую медаль, а также государственный орден «Барыс» 3 степени.

Тяжелая атлетика запомнилась нам тем, что бронзовую медаль получил не казахстанский спортсмен – мужчина, но и женщина. Призерами являются Игорь Сон и Зульфия Чиншанло. Игорь Сон – молодой казахстанский тяжелоатлет, призер летней Олимпиады в Токио 2020 в весовой категории до 61 кг. Не смотря на юный возраст, он является Мастером спорта Республики Казахстан. Следующий покоривший жюри тяжелоатлет – Зульфия Чиншанло, трехкратная чемпионка мира в весовой категории до 55 кг. В Токио в сумме двоеборья подняла 213 кг, чем и заслужила почетное 3 место.

Бокс – вид спорта, достаточно популярный у народа Казахстана, что приносит свои результаты в копилку завоеванных медалей. На Олимпиаде в Токио среди казахстанцев отличились Камшыбек Кункабаев и Сакен Бибосынов. Камшыбеку Кункабаеву пришлось не сладко в игре [7]. Со сломанным носом он проиграл полуфинал американскому боксеру Ричарду Торресу. Хотим отметить, что Камшыбек Кункабаев является первым среди боксеров Казахстана, входящих в рейтинг 45 лучших боксеров в категории тяжелого веса по всему миру. Следующий призер бронзовой медали по боксу – Сакен Бибосынов, являющийся заслуженным Мастером спорта Казахстана по боксу. Сакен достойно выступал на Олимпийских игр, однако в полуфинале отдал место представителю Великобритании, Галалу Яфаю.

Вольная борьба – излюбленное боевое искусство Казахстана. На Олимпийских играх в Токио проявил себя Нурислам Санаев. Нурислам – туwineц по происхождению и представитель Казахстана по вольному стилю в борьбе. Казахстанский спортсмен целеустремленно шел к победе, однако на полуфинале уступил участнику из Индии. Было зафиксировано, что во время захвата Нурислам укусил противника в бицепс, за что подвергся осуждению со стороны жюри и подробному разбору ситуации. Ему все-таки присудили 3 место, так как укус был сочтен непроизвольной и неконтролируемой реакцией.

Напомним, что Казахстан впервые выставил своих спортсменов на участие в соревнованиях по карате, и, тем не менее, они смогли занять 3 место и завоевать две бронзовых медали. Среди мужчин показал себя Дархан Ассадилов [8]. Дархан – каратист сборной Казахстана в весовой категории до 67 кг. Ранее он имел возможность выступать только на чемпионатах Азии, а в 2021 году представлял Казахстан уже на соревнованиях мирового масштаба. Также бронзу взяла каратистка Софью Берульцева [9]. София уверенно шла к победе, однако на полуфинале, как она сама выразилась, ей немного не хватило сил. Бронзовая медаль – это не предел спортивной карьеры Софии, и она уже строит планы на участие в следующих соревнованиях. Свою победу она посвятила умершему тренеру, которого не стало в начале этого года.

По итогам игр, Казахстан занял 83 место среди всех участвующих стран и 13 место из 15 государств постсоветского пространства. К сожалению, участие в Олимпийских играх в Токио 2020 является худшим выступлением казахстанских спортсменов за всю историю участия на Олимпиаде [10]. Эксперты начали изучать этот вопрос. Возможно, спортсмены не смогли полностью восстановиться после карантина или дело в сложности в адаптации к новому формату проведения игр.

Несмотря на завоеванные бронзовые медали, участие в Олимпийских играх далось достаточно тяжело многим спортсменам Казахстана. Известная казахстанская спортсменка Ольга Рыпакова сделала заявление о завершении карьеры, после невозможности квалифицироваться в финал. Нелегко пришлось тяжелоатлетам из-за попытки уличения их в допинге.

Можно сказать, что все участники Казахстана еще не отошли от провальной Олимпиады в Токио. Тренера пока никак не комментируют поражения, за исключением тренера по греко-римской борьбе, который сразу принес извинения перед народом Казахстана.

Заместитель министра культуры и спорта Казахстана - Ерлан Кожагапанов, заявил журналистам, что на подготовку спортсменов было выделено около 10 миллиардов тенге в год.

Айдос Рымкулов - спортивный журналист и обозреватель сделал заявление, что результаты Олимпиады особенно обескураживают отчасти потому, что казахстанские спортсмены, которые представляют борьбу, бокс и тяжелую атлетику, первый раз за всю историю проведения Олимпиад, не смогли принести стране золото.

Таким образом, несмотря на длительную подготовку и финансовое обеспечение - участие казахстанских спортсменов на Олимпиаде в Токио 2020 не увенчалось успехом. Возможно, Казахстану действительно стоит пересмотреть особенности проведения тренировок и личную подготовленность каждого спортсмена. Это отличный повод для тщательной аналитики казахстанского спорта, и, следовательно, проведения реформ, с презентацией которых уже выступила министр культуры и спорта Актоты Раимкулова.

Она участвовала в создании проекта «Трансформация спорта Казахстана», во главе которого стоит Камбар Омаров, рабочий состав сформировал весь комитет спорта, включая именитых спортсменов и тренеров, таких как Александр Винокуров, Василий Жиров, Ислам Баймуханов и др. Общая численность в команде составляет 55 человек. Предприняты следующие шаги на пути проведения реформ:

1. Полный глубокий анализ каждого вида спорта в Казахстане.

2. Использование современных технологий и методов для улучшения результата, а также укрепления здоровья. Психологическое благополучие и физическое здоровье спортсменов – приоритет для страны.
3. Внедрение в каждый регион Казахстана спортивного инструктора с целью грамотного регулирования подготовки к соревнованиям.
4. Каздодневный мониторинг процесса трансформации с целью его обсуждения и улучшения. Данные реформы помогут перестроить спортивную систему Казахстана таким образом, чтобы в следующих олимпиадах казахстанские спортсмены одерживали победу во всех видах спорта.

Литература

1. <http://olimp-history.ru/node/10>
2. <https://www.championat.com/olympic/olympismog/tournament/588/teams/95/result/>
3. <https://www.sport-express.ru/olympics/tokyo2020/news/vystuplenie-na-olimpiade-bez-zriteley-4-stalopredmetom-izucheniya-uchenyh-1838445/>
4. https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Летние_Олимпийские_игры_2020
5. <https://olympic.kz/ru/game/8-tokio-2020>
6. <https://kursiv.kz/news/sport/2021-08/что-принесла-казakhstanu-olimpiada-v-tokio>
7. https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Кункабаев,_Камшыбек_Бисенбаевич
8. https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Асадилов,_Дархан_Абсадыкович
9. <https://tengrinews.kz/allsports/kazahstanka-sofya-berultseva-posvyatila-bronzu-oi-2020-445237/>
10. <https://rus.azattyq.org/a/31400537.html>

ӘОЖ 94:008(574)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ- ОЙ САНАНЫҢ КЕМЕЛДЕНУІ.

Сламбек Жібек, Фармация өндірісі технологиясы факультеті І курс студенті
Жакипова Азиза Сейтжапбарқызы, қазақ,орыс және латын тілдері кафедрасының
аға оқытушысы, филол.ғыл. магистрі
ОҚМА, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Рухани жаңғыру-ой сананың кемелденуі.Жастардың жаңа ұғыммен ел дамуына белсенді түрде үлес қосады Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Бағдарлама жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тархы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі.Әр заманның ұрпаққа қояр талабы,өз міндеттері,талаптары бар.Ұлттың тарихи санасын қалыптастыру уақыт талабына бейімдеу,мәдени ортаға рең беру бастапқы берілген идея деп санаймын.Қоғамда интеллектуалдық ой өріс болу үшін ұрпақ болмысы мінсіз ,білімпаз болуы керек. Елдің тұрмыс тіршілігімен тыныс алып, өмірімен етене байланысып өскен ұрпақ өмірге ширығып өседі,халықтың талаптарына сай жұмыс жасап,ел ертеңін ойлайды. Елге жаны ашитын зиялы адам өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінеді.Мемлекет халықтың отбасы, ортақ үйі, сол үйді күтіп баптайтын, рухын сақтайтын, қорғайтын адам мемлекеттен, қоғамнан бөлінбейді, мемлекетінің мүддесінен, төл мәдениетінің болмысынан қол үзбейді,бар болмысында қалады. Керісінше мемлекеті, халық үшін, ұрпақтың келешегі үшін заманның талабын зерделеп, одан өтудің жолын білімімен іздейді. Халықты бұндай дәрежеде ойлауға жетелейтін ұлттық сана.

Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өмір жолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беру. Менің ойымша Елбасы айтқандай, «Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады».Еліміздің келер ұрпақтың алдындағы ардың ісін арқалап жүрген зиялы қауым Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын ықыласпен түйсіне оқығаны анық. Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр,рухты ояту үшін бүкіл жағдай жасауда. Шынында да рухы биік азаматтары мен азаматшылары бар елдің іргесі мәңгілік болары хақ.Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталып өтті. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;

Басқа ел дермен экономикалық, спорттық шараларда босын, ел тұрмысында, білім саласында босын бәсекелестікке сай болу. Яғни дамыған 30 ел қатарына кіру. Халық тұрмысын көтеру, бұның барлығы қазақ елінде сыбайластық, жемқорлық жойылмай жүзеге аспайды.

2. Прагматизм;

Ел ертеңіне сай жоспар қабылдау. Тек тыйымды тұстарын алып ары қарай жұмыс жасау. Оны практика жүзінде іске асыру. Жоспарлы түрде басқа едердің жіберген қателігін жібермеу.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;

Сан ғасырлар бойы бізге жеткен мұраны сақтай отыра жаңғыру. Бірегей ел болып бір бағытта алға қарай нақты қадам жасау.

4. Білімнің салтанат құруы;

Қазір күш емес білім жарыстыратын заман. Білектің күшімен ел басқару мүмкін емес. Білімнің салтанат құруы-ертеңіміздің кепілі.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;

6. Сананың ашықтығы.

Ойдағы бар пікірді дұрыс жеткізіп, өжет болу. Қазақстан Республикасының сана сезімі, ой санасы жетілген азаматтары болып қалыптасу.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты, тұтастықты білдіреді. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болып қалыптасу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә. Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымын. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу.

Тәуелсіз, барлық жағынан дамыған ел, тұтас бір отбасы болу үшін болашақ жастарды дұрыс бағыт бере білуіміз қажет «Тәрбие – тал бесіктен» .«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөзі бар Мұхтар Әуезовтің. "Рухани жаңғыру" жобасының тиімді тұстары, жастардың рухын оятатын бағдарға бағыттайды.

Әдебиеттер

- <https://ayu.edu.kz/ru/archives/20690> <https://5598.maam.ru/maps/news/243192.html>
- <https://qazaquni.kz/ru/khaniyat/72175-ruhani-zha-yiru-tabystiyi-el-boluyimyzd>, Елбасы жолдамасы

ӨОЖ 821.512.122:37.017

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ТАҚЫРЫБЫ

Алибек Әсел Қайратқызы - 1-курс, Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы бойынша білім алушы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

Бегімбет А.С. - педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан. Эл.пошта: ainur_serikkyzy@mail.ru

Мақалада қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларына басты арқау болған еңбек тақырыбы қозғалған. Сондай-ақ білімге шақыру, адамгершілік, достық және адалдық тақырыптары жайындағы шығармаларының өзектілігі жайлы айтылады.

Түйінді сөздер: Алтынсарин, ағартушы, балалар әдебиеті, оқу-білім, тәрбие, еңбек

Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялылығының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, сөйтіп халық игілігі үшін жан алмай еңбек етудің үлгісін көрсеткен. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократ - Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы-ұстаз.

Ыбырай Алтынсарин туған әдебиетіміздің тарихынан көрнекті прозашы ретінде де ерекше орын алады. Еңбекті сую, қадірлеу - Ыбырай әңгімелеріндегі негізгі тақырыптардың бірі. Мұнда Отанын қадірлеуге, сондай - ақ талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға тәрбиелейді. Жалқаулық, надандық, зұлымдық, тәкаппарлық секілді жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді.

Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге

болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы, Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш, Бай баласы мен жарлы баласы, Дүние қалай етсең табылады?, Әке мен бала, Қыпшақ Сейтқұл, Бақша ағаштары, Талаптың пайдасы, т.б. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Мысалы Асыл шөп, Бақша ағаштары, Таза бұлақ т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Бүгінгі сабағымыздың нысанасы әңгімедегі тәрбие мәселесі. Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші құрлы жокпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа дейді. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып», бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл - жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Жазушы «Атымтай жомарт» әңгімесінде де еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі-жыр болып кеткен ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап, әңгіме ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен анық көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімнен тапқан пұлға нан сатып алып жес ем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен», - дейді.

Осы әңгімелерінде айтылған еңбекпен табылған тамақ тәтті әрі сіңімді болады, аз жұмысты қиынсынаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат қылмасаң – көптен құр қаласың, еңбекпен табылған дәм тәтті сынды сөздері қазіргі өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп қанатты сөздерге айналып отыр.

Сөйтіп, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді.

Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны "тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын" елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты.

Қорыта айтқанда, Ыбырай еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы, Абай айтқандай, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегіне топтасқан. Әңгімелерінде балаларды тапқырлыққа, табандылыққа үйретіп көп тұрмыс тауқыметі – еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен балалардың бос белбеу болбыр болатынын барынша келемеждейді. Ы.Алтынсарин әңгімелерінде еңбек процесінің адамның сана-сезімін, психологиясын қалыптастыруда ерекше орын алатынын жақсы баяндаған.

Әдебиеттер

1. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы» Алматы, 2003ж. 18-21 б.
2. Ахметова Ә. «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» Алматы, 1992ж.
3. Дербісәлин Ә. «Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» Алматы 1958ж. 28-41 б.

ӘОЖ 378 : 61

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ақбердиева Ұлжан, 1курс, Фармация факультеті, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы e-mail: ulzhan.akberdieva.03@mail.ru, Жетекшісі: Қадырбергенова А.Ө

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

Аннотация: Мақалада жоғары медициналық және фармацевтикалық білім беру жүйесіне арнайы пәндермен қатар гуманитарлық пәндерді енгізуге ерекше назар аудару ұсынылады. «Жалпы тәжірибелік дәрігерлерді даярлау» жоғары медициналық және фармацевтикалық білім берудің медицинаны дамытудың инновациялық стратегиясы дәрігердің функцияларын айтарлықтай кеңейтеді, оларды тар мамандық шеңберінен шығып, кең гуманистік және әлеуметтік-бағдарланған медициналық парадигма деңгейіне дейін жеткізеді. Осыған байланысты дәрігерді және фармацевтті дайындауда гуманитарлық пәндерді енгізу қажет.

Кілт сөздер: гуманизация, этика, генетика, мәдениет, техника, отбасылық дәрігер.

ГУМАНИТАРНЫЕ АСПЕКТЫ МЕДИЦИНСКОГО И ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация: В статье предлагается уделить в системе высшего медицинского и фармацевтического образования особое внимание внедрению специальных дисциплин, а также гуманитарных дисциплин. Инновационная стратегия медицинского развития высшего медицинского и фармацевтического образования «Подготовка врачей общей практики» существенно расширяет функции врача, выводя их за пределы узкой специализации на уровень широкой гуманистической и социально ориентированной медицинской парадигмы. В связи с этим необходимо внедрять гуманитарные науки в подготовку врачей и фармацевтов.

Ключевые слова: гуманизация, этика, генетика, культура, технизм, семейный врач.

HUMANE ASPECTS OF MEDICAL AND PHARMACEUTICAL EDUCATION

Resume: The article proposes to pay special attention to the introduction of special disciplines, as well as humanitarian disciplines in the system of higher medical and pharmaceutical education.

The innovative strategy of medical development of higher medical and pharmaceutical education "Training of general practitioners" significantly expands the doctor's functions, taking them beyond the narrow specialization to the level of a broad humanitarian and socially oriented medical paradigm. In this regard, it is necessary to introduce the humanities in the training of doctors and pharmacists.

Keywords: humanization, ethics, genetics, culture, technetium, family doctor

Қазақстанның білім сапасын қамтамасыз етудегі еуропалық ынтымақтастық кеңістігіне және Болон үдерісіне енуі «гуманизациялау-гуманитарландыру», «үздіксіздік», «инновация» және «білім сапасы» ұғымдарында айқындалған заманауи білім беру кеңістігін жүзеге асыру жолдарын табуға мүмкіндік береді. Бұл төрт тұжырымдама әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білім алу үшін идеалды құрылымды жасайды.[1] Әлемнің көптеген елдерінде білім беруді ізгілендіру қазірдің өзінде жоғары білімнің маңызды міндеттерінің біріне айналды. Ал қазіргі кезеңде жаратылыстану мен гуманитарлық білім салалары бір-бірімен тығыз байланысып, пәндердің интеграциясы жүріп жатқанын ерекше атап өткен жөн.

Бүгінгі стандарттар бойынша дәрігерлер 18 ғасырға дейін аурулардың себептері немесе патогенезі туралы ештеңе білмеді, бірақ олардың қорытындыларын диагноз деп атағаны символдық, яғни, білім арқылы тану (диагностика). Медициналық білім өз тәжірибемізбен толықтыра отырып, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе негізінде ауруларды тануға мүмкіндік берді. Бұл кезеңде медицина және фармацевтика жоғары өнерге айналады. Оның ең дарынды өкілдері науқастарға сәтті көмектескені сонша, олар өз замандастарын қуанып, өздері туралы ризашылықпен естелік қалдырды – Ибн Сина (Авиценна), «Ұлы дәрігер» (Лаеннек), М.Мудров, т.б. [1,2] Барлық уақытта медицина қате түсініктерге жат емес еді. Тамаша жетістіктер мен қателіктер өткенге қарағанда анық көрінеді. Болашақ ұрпақтың дәрігерлері де біздің бүгінгі жетістіктерімізді ғана емес, қате есептерімізді, шектеулі көзқарастарымызды да көреді.

XX ғасырдың соңындағы ғылыми медицинаның қарқынды дамуы және қазіргі заманғы күрделі технологиялардың практикалық денсаулық сақтау саласына кеңінен енгізілуі дәрігер жұмысының медициналық этикасының маңызды бөлігі ретінде ізгілендіру міндетін қойып отыр. Биомедициналық ғылымдардағы мұндай жетістіктердің моральдық және гуманистік аспектілеріне ерекше назар аудару керек, мысалы: тіндер мен мүшелерді трансплантациялау, жасанды мүшелерді жұмыс жасау, мидың құрылымы мен функцияларын зерттеу және оған әсер ету әдістерін жасау, «гендік инженерия» мәселелері, ДНҚ және РНҚ молекулаларын манипуляциялау арқылы адамның ұрпақты болу процесіне (баланың жынысын таңдау, әйелдерді жасанды ұрықтандыру, эмбриондарды өсіру) араласу әдістерін әзірлеу. Қазіргі ғылым өзін қоршаған тірі дүниенің – өсімдіктердің, бактериялардың, жануарлардың және адамның өзінің тұқым қуалаушылығын ерікті түрде және бағытты түрде өзгерте алады. Бұл технологиялық процеске (биотехнология және биоинженерия) бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді, медицинадағы революциялық серпілістерді (гендік терапия) және т.б. [3,4,6]

Жақында биомедицинаның біршама қызықты саласы - жасушалық технологияға ерекше назар аударылды. Жасушалық технологияларды емдік мақсатта қолданудың үлкен мүмкіндіктерін ескере отырып,

бүгінгі күні тірі жасуша, жасушалық технологиялар 21 ғасырдағы медицинаның болашағына айтарлықтай дәрежеде айналуы мүмкін деген нақты түсінік бар. Біздің жасушаларын медицинаның әртүрлі салаларында кеңінен қолдану қарсаңында тұрмыз. [5,6]

Ал жаңа іргелі ғылым протеомика биологияның дамуындағы геномикадан кейінгі келесі қадам болды. Протеомиканың міндеті – адам ағзасындағы белоктарды түгендеу және талдау. Әртүрлі аурулардың пайда болуының нақты механизмдерін түсіну ғалымдардың осы мәселелерді шешуде қаншалықты прогреске жеткеніне байланысты болады. Науқастарды ақуызды талдау арқылы бағалау ауруларды ерте диагностикалауға және нақты мақсатқа бағытталған емдеуге қандай маркер сәйкес келетінін анықтауға көмектеседі. [5]

Дамыған елдердің көпшілігінде науқастарды тексергенде «техникашылдық», «инструментализм» басым және клиникадан кету, «медицина» дәрігерлердің қызметіндегі гуманизмнің гипотрофиясымен тығыз байланысты: науқастар көптеген ақылы, күрделі аспаптық зерттеулерге жіберіледі, ол үшін көп ақша алынады. Соңғы жылдары, әсіресе, технологияға қол жеткізген дәрігерлердің біліксіздігі айқын байқалды, олар науқастарға күрделі зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің қорытындысы арқылы қарайды, бұл дәрігер қызметіндегі шығармашылық клиникадан өте қауіпті теріс көзқарас, үзіліс. Медицинада, білімнің басқа салаларындағы сияқты, ең құндысы - белгілі бір мәселені шешуге теңдестірілген, объективті көзқарас. Ұсынылған алгоритм немесе емдеу стандарттары панацеяға айналады және әрқашан дұрыс диагнозға, барабар емдеуге және сәтті нәтижеге әкеледі деп үміттенетін терең теориялық білімі жоқ соқыр дәрігер үшін дәлелді медицина ешқашан шырақ бола алмайды. [3]

Сондықтан медицина кадрларын, фармацевттерді даярлауда ізгілендіру мәселелері ерекше маңызға ие.

Медициналық университеттегі оқу процесі айтарлықтай стрессті, оқытудың негізгі қызметі арнайы пәндерге көбірек уақыт пен назар аударуды талап етеді. Дегенмен, «жақсы маман» ұғымы адамның жоғары адамгершілік және мәдени деңгейін болжайды.

Жалпы білім беретін пәндерді оқу белгілі бір дәрежеде бұл мәселені шешіп, өмірдің әлеуметтік және мәдени құбылыстарына қызығушылық пен көкжиектің қалыптасуына негіз жасайды.

Қазіргі таңда көрнекті медицина ғалымдарының медицинаны дамытудағы рөлі мен сіңірген еңбегі бейіндік оқу бағдарламаларында, сәйкесінше жаңадан шыққан оқулықтарда, этика, эстетика, логика, мәдениеттану, т.б. Медициналық және фармацевтикалық ғалымдардың медицина саласындағы сіңірген еңбегін білу маман дәрігер білімін алудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Осылайша, медициналық және фармацевтикалық жоғары оқу орындарында гуманитарлық пәндерді оқудың барлық кезеңінде олардың мамандануын ескере отырып оқыту қажет болды.

Заманауи дәрігер немесе отбасылық дәрігер (жалпы практика дәрігері) жоғары кәсіби интернист: адамның профилактикасы мен емдеуіне терең генетикалық және иммунологиялық көзқарасы бар педиатр-гериатр; тар пәндер саласында білім мен дағдының қажетті көлемін білетін, меңгерген маман; жеке тұлға, мен отбасының әлеуметтік мәселелерін шеше аламын. Сондықтан олар этика және деонтология, жалпы және кәсіптік мәдениет, құқықтану және үй педагогикасы, психология, экономика және дене тәрбиесі негіздерін білуі керек. Гуманизация «денсаулық сақтау-халық», «медициналық мекеме-клиент», «дәрігер-пациент», «дәрігер-пациент жанұясы» жүйелерінде де қажет - бұл жалпы тәжірибелік дәрігердің кәсіби қызметінің маңызды бағыттары. Өкінішке орай, медициналық жоғары оқу орындарында аталған гуманитарлық пәндер бұрын зерттелмеген, қазіргі уақытта оларсыз отбасылық дәрігерді (жалпы практика дәрігерін) дайындау мүмкін емес. Қазіргі кезеңде жалпы тарих пен дүниежүзілік мәдениетке деген қызығушылық дүниежүзілік-тарихи сипатқа ие болып, өз халқының мәдениетінің түп тамырына, оның әр түрлі кейінгі көріністеріне деген көзқарас шиеленісе түсті.

Білім беруді ізгілендіру – әртүрлі елдердің өнер жауһарларымен танысу, оның өркениет дамуындағы рөлін түсіну, жалпы мәдени деңгейін арттыру, эрудицияны дамыту, адамдармен тіл табыса білу. Әдебиет пен өнер адамның эмоционалдық өмірін байытады, дүниені эстетикалық қабылдау оның адамгершілік бағдарларын анықтайды.

Сонымен бірге, гуманитарлық пәндерді оқытудағы сабақтастыққа, міндетті пәнаралық байланысқа, сыныптық және сыныптан тыс жұмыстарды ұштастыруға кешенді, жүйелі, интегративті көзқарас нәтижесінде ғана табысқа жетуге болатыны анық.

Бұрынғыдай дәрігерлік даналық, аурумен күресуде науқаспен психологиялық бірлік сауығу процесінде маңызды рөл атқарады. А.Сенте-Экзепери әдемі жазғанындай: «Әрине, мен ғылымға тәнтімін. Бірақ мен «даналыққа» тәнтімін.

Әдебиеттер

1. Основы кредитной системы обучения в Казахстане/ С.П.Абдигалпаева, Г.А.Ахметова и др.; под общей редакцией Ж.А.Кулекеева и др. – Алматы: «Қазақ университеті». - 2004. – 198 с.
2. Кассирский И.А., «О врачевании». Издательство Медицина. - М.: 1970. – 270с.
3. Лещинский Л.А. Деонтология в практике терапевта. - М.: 1989. – 220с.
4. Арчаков А.И. Внедрение генетики в современную медицину. Труды VI Российского национального конгресса «Человек и лекарство». - М.: 1999. – С. 114-125.
5. Зильбер А.П. «Второе дыхание генной терапии. Труды XIX Российского конгресса «Человек и лекарство». - М.: 2012. –С.54-63.
6. «Геномная карта вместо амбулаторной». Медицинский вестник. – 2004. - №9. – С.10.

ӘОЖ 94:9-05(574)

ТӘШЕНОВ ЖҰМАБЕК - МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Түймебаева Сымбат, II-курс В-ЖМҚ-А студенті, «Жалпы медицина» факультеті, tuymbayeva03@inbox.ru

Жетекші: аға оқытушы Ибраимова А.Ж., akmaral.ibr1984@mail.ru

ОҚМА, Шымкент қ. Қазақстан Республикасы

Аннотация: Тәшенов Жұмабек елі мен жері үшін өзін қауіпке тіккен ұлы тұлға. Республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары қазақ мемлекетінің аумағын, тұтастылығының сақталуына көп тер төкті.

Ташенов Жұмабек-великий человек, который ставит себя под угрозу для своей страны и своей земли. За годы руководства политическим, экономическим, культурным развитием республики было сделано немало для сохранения целостности и целостности казахского государства.

Tashenov Zhumabek is a great person who put himself in danger for his country and land. Over the years of his leadership in the political, economic and cultural development of the Republic, he devoted a lot of effort to preserving the territory and integrity of the Kazakh state.

Кілт сөздер: кандидат, комитет, одақтар, мәжіліс, КОКП, бюджет, орден, пиғыл.

Өзектелігі: Тұтас ұлтты өз қол астына алмақшы болған Кеңес одағының басшысына қарсы шығып, дәлелді уәжі арқасында тоталитарлық жүйеге тойтарыс бере отырып, еліміздің бірлігін, жерінің тұтастығы үшін күресті. Қоғамға сарқылмас еңбегі мен ерлігі арқылы бүгінгі ұрпақтың санасына рухани азық беруі.

Мақсаты: Тәшенов Жұмабектің өмірбаяны мен халқына сіңірген еңбегін және де саяси қызметтерін анықтап көрсету.

Тәшенов Жұмабек Ахметұлы 1915-жылы 20-наурызда Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай ауылында дүниеге келген. Шымкент қаласында 1986-жылы 18-қарашада қайтыс болған. Экономика ғылымдарының кандидаты (1962). Ақмола құрылыс техникумын (1932), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1955) бітірген. 1934–1939 жылдары Бейнетқор аудан атқару комитетінің хатшысы, аудан жер бөлімінің меңгерушісі, 1939-1943 жылдары Ақмола облысы жер бөлімі бастығының орынбасары, 1944 – 1947 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы партия комитеті хатшысының орынбасары, мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1947-1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы (1948-1952) болды. 1952 – 1955 жылдары Ақтөбе облысы партия комитетінің 1-хатшысы, 1955 – 1960 жылдары Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы, 1960-1961 жылдары Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1961-1975 жылдары Шымкент облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары болды.

1950-1956 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан Облысының Бостандық, Мақтарал аудандарын Өзбекстанға беруге қарсы болды. 1950 жылдары Кеңес Одағының басшысы Хрущевтің қолдауымен орыс шовинистері Қазақстанды паршалау арқылы, қазақтан келетін қауіптің алдын алуды жоспарлады. Ал өзбектер өзіне күндес, бәсекелес есептейтін қойдан қоныр қазақтың жерін тартып алуды орыстардың қолымен, атап айтқанда Никита Хрущевтің қолымен жасады. Қай кезде де орыстар өздеріне келетін қауіпті ең алдымен қазақтан іздейтін. Орыстар бірнеше түрлі саяси мақсаттағы жобаны ойлап, тауып жоспарлады. Тіпті, өздерінің сенімді адамдары арқылы Хрущевке мақұлдаты. Міне соның біріншісі, Бостандық ауданын Өзбекстанға қосу жоспары болатын. өзбектердің көрсеткен себебінде, бұл аудандарға қазақтар Өзбекстан арқылы өтетіндігі мен Тәшкентке жақындығы айтылып, оның үстіне мақта мол шығатын аудандарды бір басшылыққа жинап, еңбек өнімділігі мен басқаруды қолайлы ету керек деп көрсетілді. Сол арқылы қазағы көп оңтүстік аудандарды Өзбекстанға қосу арқылы қазақтың күшін әлсіретуді көздеді. Міне дәл сол кезде, 1955 – 1960 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы қызметін атқаратын Жұмабек Тәшенов өзі төрағалық етіп, осы мәселе бойынша арнаулы комиссия құрды.

Комиссия шешімі бойынша: “Бостандық ауданының жері мал өсіруге ыңғайлы, құрылыс материалдарын өндіруге, су-энергетикалық қоры мол, қорғасын, көмір және машина жасау өндірістерінің жұмыскерлері демалатын санаторийлер ұйымдастыруға өте қолайлы. Сондықтан бұл ауданды Өзбекстанға беруді қолайсыз санаймыз” деген шешім шығарады. Комиссия шешімі 1955 жылдың 1 маусымында Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Л.Брежневке жіберіледі. Л.Брежнев басқарған ОК комиссияның қорытындысына қарсы келмеді. Қайта қолдау білдіріп, “Бостандық ауданы Өзбекстанға берілмесін” деген қаулы қабылдайды. Өкініштісі, Москва өз шешімдерін өзгертпеді. Осылайша қасиетті қазақ жері өзбектерге беріліп кетті. Тіптен кейін өзбектер осы тәсілмен Мақтарал ауданын, Түркістан, Бағыс ауылдарын иемденіп кетті. Ал қазақтың салақ басшылары бұл мәселеде салғырттық істеп, өзбектерге көмектесті. Деседе қазақтардың тепкінді қарсылығы Москваны ойландырып тастады.

Ж.Тәшенов Солтүстік облыстарды, Тың өлкесін Ресейге қосуды тоқтатты. 60-шы жылдардың бас кезінде КОКП генсек Никита Хрущев Қазақстанның бес облысы (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар) кірген «Тың өлкесі» деп аталатын құрылым арқылы өлкені тікелей орталыққа

бағындырып, іс жүзінде қазақ жерін күштеп бөлшектеуге жанталаса ұмтылған кезде республиканың аумақтық тұтастығына айтарлықтай қатер төнген еді. Бұл әрекетті білген Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.Тәшенов 1960 жылы күзде «Тың өлкесінің» орталығы болған Целиноград қаласына шұғыл түрде ұшып келіп, республикалық жоспарлау комитетіне келесі жылдың бюджетіне қажет мәліметтерді әдейі бермей бастық жасағаны үшін Т.Соколовты қызметінен алып 24 сағаттың ішінде Қазақстаннан қуып жіберетінін және «Тың өлкесі» ешқашан Ресейге берілмейтінін қадап тұрып айтады. Бағымызға қарай, осы сәтте Хрущевтің буынсыз жерге пышақ салған ұсынысына өжет басшы — Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Ж. Тәшенов батыл қарсы шықты. Ақыры Одақ басшысының бұл даурықпа дәмгөйлік пиғылы жүзеге аспай қалды.

Ж.Тәшенов 1975- жылы одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шығады. Өмірінің соңғы кезеңінде «Қаракөл» ғылыми-зертханалық институтында, Оңтүстік Қазақстан облысы талдау-есептеу орталығында қызмет атқарды. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ж.Тәшеновтің бір ауыз сөзі «Қазақ әдебиеті» газетін жақтаушыларды бір көтеріп тастап, мәжіліс залындағы қарсылас топты жеңіп шығуына жол ашып бергендей болады. Жұмабек Ахметұлы бірінші басшыға: «Иван Дмитриевич, қазақ тілінде шығатын «Қазақ әдебиеті» газеті туралы мәселе қаралып жатқанда, осы бөлімде жұмыс істейтін қазақ жолдастар неге бюроға қатыспайды?», - дейді. Оның сұрағына жауап беруді И.Д.Яковлев Қ.Оспановқа ысырады. Қ.Оспановтың орнына жауап берген Н.Иванов: «Жандосов демалыста, Ысмағұлов іссапарда, А... Шалабаев...», - дейді. И.Д. Яковлев: «Сіз бен біз қазақша білмейміз, сонда бұл мәселені бюроға кім әзірлеген?» деп сұрайды. Н.Иванов: «Басқа сектордағы жолдастарды пайдаландық», - дейді. Сәбит Мұқанов: «Сонда Қазақстан Орталық Комитетінде қазақ жігіттеріне сенім жоқ деп түсінеміз бе? Осы жаңа ғана Ысмағұловты да, Шалабаевты да көрдім ғой», - дейді. И.Д. Яковлев ойланып қалады. Өз кезегінде Сақтаған Бәйішев газеттің ұлтшылдығын 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетімен салыстырып, «А.Байтұрсыновтың «Қазақ» газетінің лебі аңқып тұр» - деп сөгеді. Осы мәселеге байланысты «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан» - С.Д) газетінің редакторы Қасым Шәріпов: «Қазақ әдебиеті» газетін жабу керек, ал басқа қазақ тілді газеттерді аудармаға айналдырмаса болмайды. Егер «Социалистік Қазақстан» газетін «Казахстанская правдадан» аударып, мен редактордың орынбасары болып қол қойсам, өзіме үлкен бақыт санар едім», - дейді. Сонда Ж.Тәшенов: «Социалистік Қазақстан» газетін ашқан да сен емес, жабатын да сен емессің, не деп отырсың өзін!», - деп басып тастайды. Сөйтіп ҚКП Орталық Комитетінің бюросындағы талқылауда «Қазақ әдебиеті» газеті жабылудан аман қалып, газетті жақтаушылардың пайдасына шешіледі.

Қорытынды: Жер мен ел үшін өзін қауіпке тіккен ұлы тұлға Жұмабек Тәшенов республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары қазақ мемлекетінің аумағын тұтастылығының сақталуына көп еңбектерін сіңірді. Маңғыстауды Түрікменстанға қосу жөніндегі ұсыныстарға тойтарыс берді. Тың өлкесіне біріктірілген солтүстік облыстарды Ресей еліне, Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстан мемлекетіне беруге қарсы шықты. Қазақстан жерінде ядролық қару-жарақтың қолданылуына қарсылық білдірді. Шығармашылық одақтар өкілдеріне үй-пәтер бергендігі үшін Алматының ортасында “қазақ ауылын” құрды деп айып тағылды. “Қазақ әдебиеті” газетін жабылуынан сақтап, “Социалистік Қазақстан” газетін “Казправданың” аудармасы етіп шығарылу қаупінен қорғап қалды. “Ұлтшыл” деп айыпталып, Н.Хрущевтің нұсқауымен қызметінен босатылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.123-бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Смағұл Ә.Ғ., студент А-ЖМҚ-06-21, smagul.asem00@gmail.com
Жетекші: Аға-оқытушы Ибраимова А.Ж., akmaral.ibr1984@mail.ru
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ.

Кілт сөздер: Тәуелсіздік, жаңа бастама, ұлттық жоба, жетістік, жаңа президент.

Аннотация: Қазақстанның егемендік алуы, тәуелсіздіктен кейінгі жетістіктері, халықаралық беделі, қолға алған бастамалары, ұлттық жобалар, жаңа президент.

Annotation: Kazakhstan's independence, post-independence achievements, international prestige, initiatives, national projects, new president.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қойды. Бұл іс-шара Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде конституциялық тіркелуін аяқтады, жаңа тәуелсіз мемлекеттің шынайы егемендігінің бастауы болды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан мүлдем жаңа тарихты бастады. Біз, қазақстандықтар, ұлт өрлеуінің қазақ дәуірінің негізін қалаушылар мен бастаушылары болдық. Бұл біздің асыл уақытымыздың және біздің барлық ұлы жетістіктеріміздің ең дәл атауы» деп жариялады. Сонымен 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының маңызды ұлттық мерекесі - Тәуелсіздік күніне айналады. Тұңғыш президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың президенттік сайлауына келетін болсақ, 1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы кеңес Қазақ ССР президенті лауазымын бекітіп, сол күні осы қызметке Н. Ә. Назарбаевты сайлады. Бұған дейін ол бір жылдан астам уақыт бойы Қазақ КСР Коммунистік партиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. 1991 жылы 1 желтоқсанда алғаш рет жалпыхалықтық президент сайлауы өтті. Жалғыз кандидат Нұрсұлтан Назарбаев болды және ол 98,78 процент дауысқа ие болды. Сайлау бюллетеніне "қарсымын" деген графа да енгізілді. Оны 107 мың адам белгілеген. Кейіннен 10 желтоқсан күні Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ ССР-дың атауын "Қазақстан Республикасы" деп өзгерту туралы заңға қол қойды. Ал Жоғарғы кеңес оны Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті ретінде бекітті. Алты күннен кейін 16 желтоқсанда елдің мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды.

1992 жылдың 4 маусымында тәуелсіздіктің басты символдары – Ту мен Елтаңба бекітілді. Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков, ал Елтаңбаны Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов. Осы жылдың 11 желтоқсанында Әнұранның мәтіні бекітілді. Оның жүздеген нұсқасы талқыланған еді. Соңында төрт ақын – Тұманбай Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Жадыра Дәрібаева мен Қадыр Мырза Әлінің мәтіні таңдалды. Ал музыкасы болса, Қазақ КСР кезіндегі гимнің музыкасы қалды. Бірақ араға 14 жыл салып, 2006 жылы 6 қаңтарда Жүмекен Нәжімеденовтың сөзіне жазылған "Менің Қазақстаным" әні Қазақстанның жаңа Әнұраны болып бекітілді. Ал композиторы – Шәмші Қалдаяқов болды.

1993 жылы тағы бір маңызды құжат рәсімделді. 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданды. Қазіргі кездегі қолданыстағы [Конституция 1995 жылы 30 тамыз](#) күні жалпыхалықтық [Референдум](#) негізінде қабылданды және [5 қыркүйек](#) күні ол өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады.

1993 жылы 12 қараша күні Қазақстанның ұлттық валютасы айналымға енді. Бастапқыда ұлттық банк бір теңгені мың сомға бағалады. Кейіннен оны 500 сомға дейін түсірді. Ұлттық валюта айналымға шыққанда бір долларға шаққанда бағасы 4,75 теңге болған.

Тәуелсіздік алғанға дейін-ақ қазақ халқының өкілі алғаш рет ғарышқа аттанған еді. 1991 жылы 2 қазанда Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров жерді айналып жүрген "Мир" кешеніне ұшып барып, бір апта бойы зерттеу жұмыстарымен айналысты. Ал қазақтың екінші ғарышкері Талғат Мұсабаев 1994 жылы 1 маусымда алғашқы сапарына жол тартты. Ол кезде мемлекет тәуелсіздік туралы декларация қабылдап қойған еді. Артынан Мұсабаев ғарышқа тағы екі рет ұшып келген. 2015 жылы 2 қыркүйекте ғарышқа ұшу Айдын Айымбетовке бұйырды. "Союз ТМА-18М" кемесінің бортинженері Айдын Айымбетов Халықаралық ғарыш станциясына аттанып, он күннен кейін жерге оралды.

